

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің
Абая

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical
University

PUBLISHED SINCE 1944

3 (397)

MAY – JUNE 2022

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансент Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

BILYALOV Darkhan Nurlanovich, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarina (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 3, Number 397 (2022), 83-98
<https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.303>

ҒТАМР (МРНТИ) 14.25.07
ӘОЖ (УДК) 373.3

А.А. Куралбаева^{1*}, Н. Әмірбек¹, Д.Е. Бауыржановна²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан.

²Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан.
E-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚУ МЕН ЖАЗУДЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Алғашқы оқу мен жазу - барлық білімнің негізі. Ірге тасы ерте жастан бастап қаланатын алғашқы оқу мен жазу - бұл өмір бойы жалғасатын үдеріс. **Алғашқы оқу мен жазуға үйретуде** баланың назарын аударатын, ынталандыратын және сабаққа деген қызығушылығын арттыратын қосымшалар жасалуы керек. Осы себепті мұғалімдер балалардың бірнеше сезім мүшелеріне әсер ететін және олардың назарын аударатын материалдарды қолдануы керек. Алғашқы оқу мен жазу үдерісі қаншалықты тиімді және нәтижелі болса, басқа пәндердің негіздері соғұрлым берік болады. Осы себепті зерттеу жұмысының мақсаты - бірінші сынып мұғалімдерінің оқу мен жазуға үйретуде дыбыстық негіздегі сөйлем әдісі кезеңдерін қарастыру арқылы қалай сабақ беретіндігін анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысы бірінші сынып мұғалімдерін бақылау арқылы жүргізіліп, сапалық зерттеу әдістерінің бірі болып табылатын тақырыптық талдау әдісімен жасалған. Зерттеу бойынша әдебиеттерге талдау жасалғаннан кейін бақылау әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді талдау барысында, дыбысты сезіну және тануды үйретуге байланысты сұрақтарға сүйене отырып, мұғалімдер негізінен оқушылардың өздері келтірген мысалдарды есепке алмағандығын және олар материал ретінде әндерді, бейне материалдарды, әңгімелер мен суреттерді пайдаланғандығы

анықталды. Дыбысты оқу мен жазуға үйретуге байланысты мұғалімдердің оқушыларға жазуды дұрыс жазуына көмектесу үшін әр түрлі жұмыстар жасайтыны байқалды. Буын, сөз, сөйлем және мәтін құруды үйретуге байланысты орындаған жұмыстарда мұғалімдер буын құруды, сөздерді, сөйлемдерді құратуда көрнекіліктерді молынан қолданды, бірақ ашық буындар мен тұйық буындардың құрылуына мән бермеген деген қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: оқу, жазу, буын, сөз, сөйлем, мәтін.

А.А. Куралбаева^{1*}, Н. Амирбек¹, Д.Е. Бауыржановна²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Түркістан, Қазақстан;

²Университет Мирас, Шымкент, Қазақстан.

E-mail: *eshenkulova.d@miras.edu.kz*

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ПЕРВОКЛАССНИКОВ РАННЕМУ ЧТЕНИЮ И ПИСЬМУ

Аннотация. Первое чтение и письмо – основа всех знаний. Первое чтение и письмо – это процесс, фундамент которого закладывается в раннем возрасте и который продолжается всю жизнь. При первом обучении чтению и письму должны быть разработаны приложения, которые могут привлечь внимание ребенка, стимулировать его и повысить интерес к занятиям. По этой причине учителя должны использовать материалы, которые могут повлиять на несколько органов чувств детей и привлечь их внимание. Чем эффективнее и продуктивнее будет процесс первичного чтения и письма, тем прочнее будут основы других дисциплин. По этой причине цель исследовательской работы состоит в том, чтобы выяснить, как преподают учителя первого класса, рассматривая этапы метода предложения на звуковой основе при обучении чтению и письму.

Исследовательская работа проводилась через наблюдение учителей первых классов и выполнялась методом тематического анализа, который является одним из качественных методов исследования. После анализа литературы по исследованию был использован метод наблюдения.

В ходе анализа данных, полученных в результате исследования, на основе вопросов, связанных с обучением ощущению и распознаванию звука, было установлено, что учителя в основном не учли примеры,

приведенные самими учащимися, и в качестве материала они использовали песни, видеоматериалы, рассказы и рисунки. В связи с обучением чтению и письму звука было замечено, что учителя выполняют различные работы, чтобы помочь ученикам правильно писать. В работах, связанных с обучением составлению слогов, слов, предложений и текстов, сделан вывод, что учителя в изобилии использовали наглядности в построении слогов, слов, предложений, но не придавали значения созданию открытых слогов и замкнутых слогов.

Ключевые слова: читать, писать, слог, слово, предложение, текст.

A.A. Kuralbayeva^{1*}, N. Amirbek¹, D.B. Yesenkulova²

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan;

²Miras University, Kazakhstan, Shymkent.

E-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz

METHODS OF TEACHING FIRST GRADERS TO EARLY READING AND WRITING

Abstract. Initial reading and writing are the basis of all knowledge. The first reading and writing, the cornerstone of which is laid from an early age, is a lifelong process. At the first lesson in reading and writing, applications should be developed that attract the child's attention, stimulate and increase interest in the lesson. For this reason, teachers should use materials that touch on several feelings of children and attract their attention. The more effective and productive the initial process of reading and writing is, the stronger the foundations of other disciplines will be. For this reason, the purpose of the research work is to determine how first-grade teachers teach by considering the stages of the sentence method on a reliable basis when teaching reading and writing.

The research work was carried out by monitoring the teachers of the first grades and was developed by the method of thematic analysis, which is one of the methods of qualitative research. After analyzing the literature on the study, the control method was used.

During the analysis of the data obtained as a result of the study, based on questions related to teaching perception and recognition of sound, it was found that teachers mostly did not take into account the examples given by the students themselves, and used songs, videos, stories and images as material. It has been noticed that teachers do various things related to

teaching sound reading and writing to help students write correctly. It was concluded that in the works carried out in connection with the training in the creation of syllables, words, sentences and texts, teachers used visual representations extensively when creating syllables, words, sentences, but did not attach importance to the creation of open syllables and closed syllables.

Key words: read, write, syllable, word, sentence, text.

Кіріспе. Біз ақпарат тез пайда болатын және тұтынылатын заманда өмір сүреміз. Бұл үдерістегі жеке тұлға мен қоғамның болашағы білімге қол жеткізуге, білімді қолдануға және білімді қалыптастыруға байланысты. Бастауыш мектепте алғашқы оқу мен жазу сауаттылығына үйрену сапалы білімнің негізі екені анық.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі оқытудың мақсаты – баланың жеке тұлғасының адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық - құндылық қатынасының, оқу үдерісіне оң ынта-ықыласының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен біліктерінің дамуын қамтамасыз ету. Сондықтан білімнің базалық мазмұны осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. 12 жылдық мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт жобасында білімнің базалық мазмұны дегеніміз – жалпы орта білім беретін ұйымдардың меншік нысанына, типі мен түріне қарамастан, меңгеруге міндетті, орта білім берудің деңгейлерінде оқуды жалғастыруға жеткілікті болатын білім мазмұнының құрамы мен көлемі деген анықтама беріледі.

Сауат ашу барысында баланың жазу процесінде де айтарлықтай ерекшеліктер кездеседі. Алғашқы кезде бала ежектеп оқыған сияқты, әр әріпті таңбалау барысында оның дыбысын дауыстап айтып отырады. Сауатты адам жазғанда есінде тұтас сөзді ғана емес, сөйлемді ұстайды. Бірақ олар жазғанда еріктің бір толқынынан туған өзара байланысты, жүйелі бір қозғалысты іске асырады. Ал жаңа сауаттана бастаған бала бір әріпті жазу үшін оның құрамындағы элементтердің әрқайсысына бір-бір импульс жұмсайды. Мұнда да көптеген ерік күшін жұмсап, үнемі тиянақты зейін қойғанда ғана ұзақ уақыт жаттығу жұмыстарының нәтижесінде барып дағды қалыптасады. Баланың санасы жазылатын әріптің немесе сөздің, сөйлемнің мазмұнын ұстайды. Сөйтіп бірте-бірте санада тұтас сөз немесе сөйлем сақталады да, оларды жазу тұтас бір акт ретінде орындалады.

12 жылдық бастауыш мектептің базалық білім мазмұнын анықтау әдістері (2013) атты әдістемелік құрал бойынша бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарында «Тіл және әдебиет» білім саласы сауат ашу (оқу, жазу), қазақ тілі, әдебиеттік оқу, орыс тілі пәндерін

қамтиды. «Сауат ашу (оқу, жазу)» пәнінің ерекшелігі – оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, қарапайым грамматикалық ұғымдармен таныстыру, айтатын ойын толық, түсінікті, жүйелі жеткізе білуге, байланыстыра сөйлеуге үйрету, ауызша, жазбаша тілін дамыту, сөздік қорын байыту және белсендіру мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады. Бұл мақсат оқу және жазу сабақтарында ауызша және жазбаша сөйлеудің үйлесімділік ұстанымын ескере отырып оның үш кезеңінің (әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі және әліппеден кейінгі кезең) негізгі міндеттерін шешу арқылы қамтамасыз етіледі. Ал, бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған “Әліппе” пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында (2021) әліппенің базалық білім мазмұнына тілдің жазба түрі мен ауызша сөйлеу түрінің арасындағы айырмашылықтар мен күрделі байланыстарды бірдей ескере отырып жүргізілетін жұмыс түрлері жатады. Тілдің орфографиясы мен орфоэпиясына қатысты алуан түрлі мәселелерді оқып меңгеру – ең алдымен тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғаты мен фонетикалық заңдарын жете білуді қажет ететіндігі жазылған.

Алғашқы оқу мен жазуға үйрету - бұл балалық шақтан басталатын тілдік дағдыларға оқу және жазу дағдыларын меңгеруге мүмкіндік беретін базалық білім берудің алғашқы сатысында отбасы мен мектептің бірлесіп жүзеге асырылатын тілді оқыту үдерісі.

Алғашқы оқу мен жазуға үйрену - бұл жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, өмірге дайындалуына, қоғаммен әлеуметтік болмыс ретінде тиімді байланыс орнатуға, барлық жазбаша және көрнекі материалдарды түсінуге, өз ойын жазбаша және ауызша түрде тиімді жеткізуге мүмкіндік беретін ең негізгі қажеттілік.

Йылдырым мен Демирташ (2008) және Йылдыздың (2010) жазуы бойынша сауаттылық - бұл жеке тұлғаның мектептегі және қоғамдық өмірдегі жетістіктерінен басқа өзінің әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін өте маңызды сала.

Оқу және оқылғанды түсіну дағдыларын игеру адам өмірін маңызды етуге үлкен үлес қоса отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу үдерісінде өз орнын алуда (Х.Ақйол, 2010).

Байат пен Челенг (2015) алғашқы оқу мен жазуға үйретудің мақсаты, сауаттылық дағдыларын игерген бір мезгілде тез, еркін, түсініп оқуы және оқудан ләззат алып, жазу қабілетін дамыта алуын қамтамасыз етеді деп жазады.

Б.Б.Нурмаканова (2010) өз зерттеуінде әдемі жазу – өнер, таза, анық, әдемі жазылған жұмысты оқуда жеңіл, ондай жазу мен берілген ойды түсінуде оңай екендігін атап айтқан. Әріп таңбаларын әдемі, көркем

етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өзі сіне салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету-мұғалімнің міндеті болып табылады, оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбек сүйгіштікке, әсемдікке тәрбиелейді.

Сауат ашу кезеңінде балаларда мынадай дағдылар қалыптасады: 1) сөзді буындап және тұтас сөздерді дұрыс оқу; 2) көлемі шағын текстерді саналы, түсініп оқу; 3) айтылуы және жазуы бірдей кейбір сөздерді жазу; 4) жазған сөздерін тексеріп отыру; 5) әріптерді бір-бірімен жалғап жазу (С. Рахметова, 1991).

Әліппеден кейінгі кезеңде балалар көлемі шағын, қарапайым, балаға жеңіл болатын сөйлемдерден құралған әңгімелерді оқиды. Бұл кезеңнің міндеттері—оқу (сөзді, сөйлемді саналы, дұрыс және түсініп оқу) және жазу (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтайотырып жазу) дағдыларын жетілдіру, тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) туралы қарапайым түсініктер қалыптастыру, оқылған мәтіннің мазмұнын талдауға үйрету, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайында ана тілін еркін қолдануға бейімдеу.

Әліппеден кейінгі кезең соңында Е.А. Лысенковамен Е.В. Ляскина (2018) зерттеулері бойынша әр кезеңде үйретілетін емле қырағылығының әлсіздігі баланың қате жазуының себебі болып табылады. Бұл мәселені жою үшін орфографиялық түсініктерге үлкен көңіл бөлу қажет. Осы орайда мұғалім сыныппен белсенді қарым-қатынас жасаса және баламен жеке кері байланыс болғанда, әрбала оқыту үдерісінің толыққанды қатысушысы екендігін сезінеді. Жоғарыда келтірілген материалға сүйене отырып, қазіргі заманғы жүйе бастауыш мектепте баланы алғашқы жазуға үйретуде әріпті дұрыс жазу ережесімен оны іс жүзінде орындауды меңгерту балаға қолайлы жағдай туғызады. Алғашқы жазу қабілетін балада дұрыс қалыптастыру оның арықарай білімді тез меңгеруін және пәнаралық байланыстың дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Сауат ашудың кезеңдерінен соң баланың бойында оқу мен жазуға деген дағды қалыптаса бастайды. Дағды дегеніміз – бұл саналы іс-әрекеттің автоматтастырылған бірлігі. Басқаша айтсақ, дағды – ойланбай орындалатын, жоғары дәрежеде жетілген ептілік (Б.С. Бабаев, Ж.К. Оңалбек, 2005).

Алғашқы жазуға үйрету үдерісінің тиімділігін арттыруда

Плотникованың (2018) бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдысын қалыптастырудағы ең көп қолданатын есте сақтау әдісі оңтайлы. Жаттаудың бәрі ерікті және еріксіз болтыны белгілі. Бастауыш мектепте баланың есте сақтау қабілетін дамытуға тырыса отырып, оқушыларға тез және ұзақ уақытқа естесактауды меңгертіп, баланы жаттықтыру керек.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Сауат ашу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында (2018) «Сауат баланың ашу» пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау деп атап көрсетіп, төмендегідей міндеттердің шешімін табу көзделген:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

5) кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ана тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке, сұхбатқа қатысуға дайын болуын, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін, өз пікірін айқын да дұрыс және толық жеткізе білуін) қалыптастыру;

11) алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету;

12) білім алушыны өз іс-әрекетін адамгершілік, ізгілік тұрғысынан ұйымдастыруға және жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Алғашқы оқу мен жазу үдерісі жүзеге асатын «Сауат ашу» оқу пәнінің базалық мазмұны әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең болып сауат ашудың үш кезеңнен тұрады. Бағдарлама мазмұнына сай әрбір кезеңнің міндеттері бар. Тоқталып өтер болсақ, әліппеге дейінгі кезеңде:

- оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыруды; фонематикалық есту қабілетін дамыту;

- сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;

- сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

- қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (баяу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу),

- артикуляциялық жаттығулар орындауға дағдыландыру;

- ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін, ауызша, жазбаша (графикалық жазу) тілін дамыту міндеттерінің шешімін табу негізделген. Ал, әліппе кезеңінің міндеттері:

- оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

- фонематикалық есту қабілетін дамыту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;

- әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету, тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;

- біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыруды; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;

- сөйлеу әрекеттерінің түрлерін жетілдіру болып табылады. Әліппеден кейінгі кезеңде:

- мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, «іштей оқу», түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыруды;

- тыңдау-түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіруді;

- байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту;

- каллиграфия нормаларын сақтап, сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру міндеттерінің шешімін табу көзделген.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының мақсаты мәліметтерді мазмұндық талдау әдісімен алғашқы оқу мен жазуға үйрету үдерісінің теориялық негіздерін зерделеу болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізуде төмендегі мазмұндағы міндеттерге жауаптар алынды:

1. Мұғалімдердің дыбысты сезіну және тануды үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының пайыздық және жиілік мәндерін;

2. Мұғалімдердің дыбысты оқу мен жазуға үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының пайыздық және жиілік мәндерін;

3. Мұғалімдердің буын, сөз, сөйлем және мәтін құруды үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының пайыздық және жиілік мәндерін анықтау.

Деректерді жинау құралы ретінде жалпы білім беретін мектептің бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбы үшін «Сауат ашу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы және «Сауат ашу» оқулығы пайдаланылды.

Бұл зерттеу жұмысы бойынша сауалнама әдісі қолданылып, мұғалімдерден оқушылардың дыбысты сезінуі және тануына, дыбысты оқуы мен жазуына сонымен қатар, буын, сөз, сөйлем, мәтін құруды үйретуге байланысты орындаған жұмыстары бойынша сауалнама алынып, нәтижесі талданды.

Нәтижелер және талқыланулар. Зерттеу нәтижелері кесте түрінде ұсынылады.

Кесте 1. Мұғалімдердің дыбысты сезіну және тануға үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының пайыздық және жиілік мәндері

	Ия		Жоқ	
	f	%	f	%
Өлеңдер қолданылды	15	75	5	25
Суреттер қолданылды	20	100	0	0
Әңгімелер оқылды	11	55	9	45
Видео материалдар көрсетілді	18	90	2	10
Табиғи материалдар пайдаланылды	0	0	20	100
Дыбыс оқушыларға қайта тыңдатылды	16	80	4	20
Күнделікті өмірден мысалдар, дыбыстар пайдаланылды	18	90	2	10
Сөздің басында келетін дыбыстарға мысалдар берілді	20	100	0	0
Оқушылардан сөздің басында келетін дыбыстарға мысалдар келтіру сұралды	13	65	7	35
Сөздің ортасында келетін дыбыстарға мысалдар берілді	20	100	0	0
Оқушылардан сөздің ортасында келетін дыбыстарға мысалдар келтіру сұралды	13	65	7	35
Сөздің соңында келетін дыбыстарға мысалдар берілді	20	100	0	0
Оқушылардан сөздің соңында келетін дыбыстарға мысалдар келтіру сұралды	13	65	7	35

Зерттеу нәтижесінде бақылауға қатысқан мұғалімдердің бесеуі оқушыларға дыбысты сезіндіру және таныту кезеңінде ән тыңдатпағын

байқадық. Мұғалімдердің барлығы сабақты суреттер арқылы түсіндірді және олардың 11-і оқушыларға дыбысты сездіруде нұсқаулықтағы әнгімелерді оқуды жөн санады. Мұғалімдердің он сегізі оқушыларға видео материалдарды көруді ұсынып, ал өздерінің сабақта материал дайындамайтындығы анықталды. Жалпы, олар дайын материалдарды пайдаланды. Мұғалімдер оқушыларға күнделікті өмірінде үнемі кездесетін дыбыстардан мысалдар келтіріп отырды. Сондай-ақ мұғалімдер оқушыларға дыбысты дұрыс айту үшін сыныпта әр түрлі тапсырмалар арқылы дыбысты қайталауға қолдау көрсетіп отырды. Тек екі мұғалім дыбысты қайталамай жаттығулар жазғызды. Мұғалімдердің барлығы сыныптағы суреттерді қолдану арқылы дыбыстың басында, ортасында және соңында кездесетін сөздерден мысалдар келтіріп отырды, дегенмен оқушылардың өздерінен мысал келтіруді сұраған он үш қана мұғалім болды.

Кесте 2. Мұғалімдердің дыбысты оқу мен жазуға үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының пайыздық және жиілік мәндері

	Ия		Жоқ	
	f	%	f	%
Әріптерді жазуда түрлі тәсілдер қолданылды	10	50	10	50
Ауада әріп жазу әдісі қолданылды	16	80	4	20
Түрлі жаттығулар арқылы әріп жазу жұмыстары жасалды	10	50	10	50
Тақтада жазу сызықтарысыз әріп жазу жұмыстары жасалды	15	75	5	35
Тақтада төрт жазу сызығында әріп жазу жұмыстары жасалды	16	80	4	20
Әрбір оқушы тақтада әріп жазу жұмыстарын жасады	4	20	16	80
Сөйлеп тұрып әріп жазу жұмыстары жасалды	17	85	3	15

Зерттеуге қатысқан мұғалімдердің жартысы оқушыларға дыбысты жазып жатқанда атап айтқан болса, екінші жартысы оқушылардың назарын аудару үшін әр түрлі баяндау мәнерлерін қолданды. Мұғалімдердің он алтысы оқушыларға төрт қатарға әріпті жаздырмас бұрын ауада дыбыс жазуға машықтандырды. Сонымен қатар мұғалімдердің тек жарысы ғана оқушыларға түрлі жаттығулар арқылы әріп жазу жұмыстарын жасатқан болса, оқушыларға тақтада жазу сызықтарысыз әріп жазу жұмыстарын бес мұғалім орындатпады. Ал, тақтада төрт жазу сызығында әріп жазу жұмыстарын төрт мұғалім назардын тыс қалдырса, әрбір оқушыға тақтада әріп жазу жұмыстарын тек төрт мұғалімнің орындатқанын байқадық. Дыбысты оқу мен жазуға үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының ішінде ауада әріп жазу әдісін, тақтада жазу сызықтарысыз әріп жазу жұмыстарын, тақтада төрт жазу сызығында әріп жазу жұмыстары, сөйлеп тұрып әріп

жазу жұмыстарын мұғалімдердің басым көпшілігі қолданғандығын сондай-ақ, әрбір оқушыға тақтада әріп жазу жұмыстарын жүргізуді мұғалімдердің басым көпшілігі ескермегенін байқадық.

Кесте 3. Мұғалімдердің буын, сөз, сөйлем және мәтін құруды үйретуге байланысты орындаған жұмыстарының пайыздық және жиілік мәндері

	Ия		Жоқ	
	f	%	f	%
Ашық және түйық буындар жасауда түрлі тапсырмалар орындалды	8	40	12	60
Ашық буын жасаудан кейін пайда болуы мүмкін емле қателеріне назар аударылды.	0	30	14	70
Сөздер құрауда әртүрлілікке мән берілді	17	85	3	15
Сөздердің мағыналы болуына мән берілді	20	100	0	0
Оқушылар дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді қалай жазатынына назар ауд арды, қажет болған жағдайда көмектесті	18	90	2	10
Жасалған сөйлемдердің мағыналы болуын қадағалады	18	90	2	10
Мағыналы сөйлем құрау бойынша түрлі жаттығулар жасалды	12	60	8	40
Мағыналы сөйлемдермен мағыналы мәтін құрастырылды	11	55	9	45
Мәтіннің мағынасын түсіндіру үшін көрнекіліктер қолданылды	11	55	9	45

Зерттеуге қатысқан сегіз мұғалім ашық және түйық буындар жасауда түрлі тапсырмалар орындата білді. Ашық буын құруда болатын қателіктерге тек алты мұғалім ғана назар аударады. Мұғалімдердің басым көпшілігі сөздік қорын қалыптастыру кезінде әртүрлілікке мән берсе, ал, үш мұғалім тек кітап мазмұнымен шектелгенін байқадық. Мұғалімдердің барлығы сөздердің мағынасына назар аударды. Он сегіз мұғалім оқушыларға жазба жұмыстарын жүргізіп жатқан кезде үнемі жұмыс дәптерлерінен оқушыларға үй тапсырмасын беру арқылы сыныпты аралап жүрді және олар оқушылардың қателіктерін тексеріп, көмектесіп отырды. Ал екі мұғалім керісінше жұмыс дәптерлеріне үй тапсырмасын беріп, келесі күні мектепте тексереді. Мұғалімдердің басым көпшілігі оқушылар дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді қалай жазатынына назар аударды, қажет болған жағдайда көмектесті және жасалған сөйлемдердің мағыналы болуын қадағалады. Мағыналы сөйлем құрау бойынша түрлі жаттығуларды тек он екі мұғалімнің назарында болса, ал, мағыналы сөйлемдермен мағыналы мәтін құрастыру және мәтіннің мағынасын түсіндіру үшін көрнекіліктер қолдану жұмыстары тоғыз мұғалімнің назарынан тыс қалып қойғанын байқадық.

Алғашқы оқу мен жазуға үйретудің дыбысты сезіну кезеңінде; әндерді, суреттерді және бейнелерді көп көрсете отырып, әңгіме оқу

тапсырмалары аз қолданылған. Себебі мұғалімдер интернеттегі өздері тіркелген сайттардағы дайын әндер, суреттер, бейнематериалдарды алып, көп күш жұмсамай оқушыларға көрсетеді. Яғни, мұғалімдер әңгімелер оқып, дыбысты сезіндіруде интернеттегі материалдарды пайдаланғаннан жөн көреді. Егер мұғалімдер оқушыларға дыбысты сезіну кезеңінде әңгімелер оқыса, онда олар тыңдау дағдыларын жетілдіреді және оқушылар дыбысты ажырата алады.

Зерттеу барысында оқушылар сыныптағы дыбысты сезініп, ажырата алу үшін дыбыс үздіксіз қайталанып отырды. Мұғалімдер оқушыларға дыбысты жақсы түсіну үшін оны қайталай отырып, тұрақтылықты қамтамасыз етуге тырысты.

